



БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу – әдістемелік орталығы»
КМҚМ директоры

Б.Х. Абдикерова
« 14 » 03 2022 жыл

«Шағын жинақты мектептің Үздік мұғалімі - 2022» облыстық байқауының Е Р Е Ж Е С І

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Шағын жинақты мектептің Үздік мұғалімі» облыстық байқауының (бұдан әрі – байқау) мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру тәртібін, өткізу шарттарын, байқауға қатысушыларға қойылатын талаптарды, бағалау өлшемдерін, қорытындыларды шығару, жеңімпаздарды анықтау және марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Байқау Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. Байқауға Қарағанды облысындағы шағын жинақты мектеп мұғалімдері қатысады. Қатысушылардың жасына, педагогикалық өтіліне шектеу қойылмайды.

2. Байқаудың мақсаты:

2.1. Қарағанды облысындағы шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің озық іс - тәжірибесін анықтау, бағалау және тарату.

2.2. Байқау міндеттері:

- білім беру сапасын арттыру міндеттерін табысты шешетін, шығармашылықпен жұмыс атқаратын шағын жинақты мектеп мұғалімдерін анықтау және қолдау;

- білім беру ұйымдары, қала, аудан деңгейінде өзекті мәселелерді шешуге бағытталған білім беру қызметін ынталандыру.

3. Байқауды өткізу мерзімі мен шарттары

3.1. Байқау үш кезеңде 2022 жылдың 4 сәуір - 19 мамырда өткізіледі.

Бірінші кезең – аудандық / қалалық: сәуір 2022 жыл.

Байқаудың бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша білім бөлімдері бірінші орын алған байқауға қатысушының құжаттарын ұсынады.

Облыстық байқауға қатысу өтінім (сканерленген, аудандық/қалалық білім бөлімінің басшысының қолы қойылған) және ұсынылған шағын жинақты мектеп мұғалімінің құжаттарын осы Ереженің 3.3 – тармағының талабына сәйкес білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығына **2022 жылдың 3 мамырына** дейін жіберу қажет (№ 208 кабинет). Анықтамалар **87212502375** телефоны арқылы.

Екінші кезең облыстық: 2022 жылдың 10 - 13 мамыр.

Облыстық байқау комиссиясы ұсынылған байқау құжаттарын талдайды және бағалайды, ақтық кезеңге қатысушыларды анықтайды.

3.2. Байқауға ұсынылған құжаттар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.3. Екінші кезеңге қатысушылар келесі құжаттар топтамасын тапсыруы қажет:

- Сауалнама (1 қосымша);
- Авторлық әдістемелік әзірлемелері (түрлі деңгейдегі әдістемелік кеңес бекіткен ұсыныстар, құралдар, жинақтар);
- Пән бойынша әдістемелік әзірлемесі (байқауға қатысушының сабақ беретін пәні бойынша);
- Біріктірілген сыныптардағы сабақтың қысқа мерзімді жоспары;
- Шағын жинақты мектептің оқу үдерісінде жаңа технологияларды пайдалану жұмысы бойынша тәжірибесінің сипаттамасы;
- Сыныптан тыс іс-шараның әзірлемесі;
- Кейінгі 3 оқу жылындағы оқушылар мен мұғалімнің жетістіктері (түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен жарыстардың жеңімпаздары, жүлдегерлері).
- DVD- тасымалдағышта жазылған 1 бейне сабақ.

3.4. Байқау тапсырмасының бағалау өлшемдері:

1. Байқау құжаттарының мазмұнының тақырыпқа, білім алушылардың деңгейіне сәйкестігі;

2. Құжаттардың, әзірлемелердің жаңашылдығы, қолданылған педагогикалық тәсілдер мен әдістердің анықтығы мен айқындығы;

3. Нәтижелерді сипаттау айқындығы, әзірлемелердің тәжірибелік құндылығы, оны басқа білім беру мекемелерінде енгізу мүмкіндігі.

Үшінші кезең облыстық ақтық кезең: 2022 жылдың 19 мамыр (ақтық, күндізгі – zoom платформасында).

Байқаудың үшінші кезеңі келесі тапсырмаларды қамтиды:

- «**Визит карточкасы**»: регламент - 3 минут.

Бағалау өлшемдері: көшбасшылық қабілеттер, логикалық құрылымдар жүйесі, автордың ұстанымы, өз жетістігі мен ұсыныстары, сөз сөйлеудің бірегейлігі.

- «**Шеберлік - сыныбы**»: регламенті 7-10 минут.

Бағалау өлшемдері: қойылған мақсаттың нақтылығы, тақырыпты ашуға шығармашылық көзқарас, пайдаланған ресурстар, оқыту әдістері, тапсырмалардың оқу дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы.

4. Байқау қорытындысын шығару және марапаттау.

4.1. Байқаудың Ұйымдастыру комитеті Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімі болып табылады.

4.2. Байқауға ұсынылған құжаттарды талдау, бағалау және қорытындысын шығару үшін облыстық байқау комиссиясының құрамы бекітіледі.

4.3. Облыстық байқау комиссиясының құрамы байқауды ұйымдастырушылардың өкілдерінен және шақырылған мамандардан құрылады.

4.4. Байқау комиссиясының шешімі хаттамамен рәсімделеді.

4.5. Байқаудың үшінші кезеңінің жеңімпаздары ББД ОӘО-ның дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталады.

Сауалнама

1. ТАӘ (толық) _____
2. Жұмыс орны _____
3. Білімі _____
4. Лауазымы _____
5. Педагогикалық өтілі _____
6. Біліктілік санаты _____
7. Біліктілікті арттыру курстары (жылы, тақырыбы) _____


8. Білімін жетілдіру тақырыбы:

9. Мұғалімнің ең маңызды жетістіктері (соңғы үш жылда):

10. Оқушыларының ең маңызды жетістіктері (соңғы үш жылда):

11. Марапаттары, атақтары:

Байқауға қатысушы: _____ « ____ » _____ 2022ж.

КЕЛІСІЛДІ:
МД және ЖОББ
бөлімінің меңгерушісі
 Г.Мукашева
« 16 » 03 2022ж